

**магистрант А.Бөкейханқызы, э.ғ.к, қауымдастырылған профессор
С.Б.Байдыбекова**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Есептік-салықтық жүйенің ақпараттық ағындарын үйлестіру

Жаңа технологиялар күннен-күнге көз ілеспес жылдамдықпен дамып, қолданысқа еніп жатыр. Техникалық жаңалықтарды жеделдетіп енгізу мен тарату еліміз үшін жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Экономикалық процестерді ақпараттандыру салықтық әкімшілендірудің жаңа механизмдерін әзірлеу және қолдану қажеттілігін негіздейді. Мемлекеттің экономикалық дамуының, тәуелсіздігінің бірден бір көрінісі - салықтар болып табылады. Қазіргі таңда еліміз салықтық есептеменің электрондық нысанына толығымен көшті десек те болады. Яғни, мемлекеттік бюджет пен салық төлеуші арасындағы қарым-қатынас барынша жетілуде. Салықтық әкімшілендірудің сапасы жақсарып, бюджетке түсім артуда. Цифрландыру - ұлттық экономиканың қозғаушы күші деп есептеуге болады.

Еліміздің салық органдарын салықтық әкімшілендіру, декларация тапсыру, жаппай автоматтандыру, электронды нысанға көшіру бағытында тындырған шаруаларымыз өте жоғары деңгейде бағалануда. Әлемдік аренада мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайтуы, жоғары технологиялы мемлекет болып қалыптасуы, өзінің және мемлекеттік қатынастың барлық деңгейінде ұлттық экономикалық мүдделерді қорғай алуы да ақпаратты автоматтандырудың мықты қалыптасуына байланысты. Әлемдегі ең дамыған 30 елдердің қатарына қосылу біздің еліміздің және Елбасымыздың алға қойған мақсаттарының бірі. Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттілігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық деген болатын Елбасымыз [1].

Мемлекеттік органдар нақты уақыт және жедел жауап беру режимінде азаматтардың ескертпелері мен ұсыныстарын есепке алу үшін заманауи цифрлық технологияларды қолдануға тиіс. Мемлекет пен компаниялар жаңа

технологияларды енгізе отырып, өз ақпараттық жүйелері мен құрылғыларының берік қорғалуын қамтамасыз етуі керек [2].

Соңғы жылдары жаңа технологиялар мәселесі әлемнің көптеген елдерінің экономисттері мен ғалымдарының назарында. Технологиялар нарығы мәселесі шетел әдебиеттерінде айтарлықтай кең зерттелген. Инновациялық процесстер теориясының негізгі ұғымын зерттеген, инновациялық қызмет туралы түсініктерді дәлелдеген австриялық ғалым - Й.Шумпетер [3]. Ол инновациялық процессті даму деп санаған, яғни жаңа тауар өндіру, жаңа ұйым, жаңа нарыққа шығу. Ресей ғалымдары Д.С.Львов, В.Е. Маевский кәсіпкерлердің инновациялық қызметі экономикалық дамудың қозғаушы күші деп санаған. Технологиялық құрылым концепциясын енгізген ғалым С.Ю.Глазьев [4]. Техникалық-экономикалық және инновациялық дамуды зерттеуде Н.Кондратьев үлкен үлес қосты. Н.Кондратьевтің[5] пайымдауына, экономикалық циклдардың нәтижесінде әлемдік қауымдастықтың өндіргіш күштері өз мүмкіндіктерін сарқып бітіп, дамудың жаңа деңгейіне өту қажеттілігі туындайды деген.

2018 жылы 10 қаңтарда Елбасымыз «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауын жариялады. Қаржы министрлігі жолдауды іске асыру шеңберінде салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыруға бағытталған бірқатар жобаларды іске асыруда. Осы қарқынды жұмыстар жүргізіле берсе, 2025 жылға қарай салық қызметтері 95% электрондық форматта көрсетілетін болады.

Салық қызметін жаңа ақпараттық жүйемен қамтамасыз ету, салық төлеушілер мен салық органдары қатынастарының сапалы жаңа деңгейге көшкенін көріп отырмыз. Салық салу жүйесін автоматтандыру тиімділігі - бұл жеке тұлғалар мен бизнес үшін кез келген уақытта мәліметтердің онлайн қолжетімді, ашық және қолайлы қол жеткізуі.

Көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартудың және бюджетке салықтық түсімдерді ұлғайтудың әсерлі құралдарының бірі толассыз мониторинг жүйесі. Салықтардың дұрыс төленуін және тауарларды сату кезінде маржаны

анықтауға бағытталған жүйе – ол толассыз мониторинг жүйесі. Толассыз мониторинг жүйесі - тауарларды жеткізудің тұтас тізбегін бақылай отырып, тауарлардың баға құрылуын талдауға мүмкіндік береді.

Толассыз мониторинг жүйесінің жобалары:

- Тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесі;
- Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі;
- «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі;
- «Виртуалды қойма» модулі;
- Онлайн-бақылау-касса машиналары;
- «Қосылған құн салығын әкімшілендіру» ақпараттық жүйесі.

«Тауарларды таңбалау» ақпараттық жүйесі - көлеңкелі экономика көлемін қысқарту мақсатында тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда бұл ақпараттық жүйенің оң нәтижелерін көріп отырмыз. 250 мыңнан астам тері бұйымдары таңбаланды, импорттаушылардың саны 40 пайызға өсті, осы жерде айта кететін жайт табысты төмендетіп көрсететін салық төлеушілер анықталуда. 2018 жылдан бастап темекі өнімдері таңбалануда, 2019 жылдан бастап дәрілерді де таңбалау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі – 2014 жылдан бастап ерікті түрде салық төлеушілер беруге құқылы. Қазақстан Республикасы 2016-2019 жылдары аралығында электронды-шот фактураларға көшуі кезең-кезеңмен болды. Қазіргі таңда ақпараттық жүйеге тіркелген салық төлеушілердің саны 270 мыңға жетті. Қазіргі уақытқа дейін 163 миллион электрондық шот-фактуралар беріліпті [6].

2017 жылдың 1 қазанынан бастап салықтық әкімшілендірудің автоматтандырылған «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі іске қосылды. «АСТАНА -1» ақпараттық жүйесінде алдын-ала ақпаратты берген уақыттан бастап тауарларды шығарғаннан кейінгі бақылауға дейін түгел кедендік процесстерде автоматтандырылған бақылауды жүзеге асырады.

«АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі қазіргі таңда өз жемісін беруде. Бұл ақпараттық жүйе кәсіпкерлердің алтын уақытын үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр. Енді кәсіпкерлер міндетті құжаттарын кедендік бақылау басқармасына бармай-ақ, өз кеңселерінен шықпай компьютер арқылы тапсыра алады. Электронды бағдарламаның ең ұтымды тұсы – өтініш бір минутта қаралып дайын болады.

«Виртуалды қойма» модулі - 2018 жылдан бастап іске қосылды. Тауарлардың қалдықтарын есептейді. Виртуалды қойма модулінің мақсаты – қалдықтарды автоматты түрде санау, тауарларды есепке алуды жүйелеу, импортпен келген тауарларды кіріске алудағы бизнес-процесті автоматтандыру болып табылады. Виртуалды қойманың электрондық құжаттарында тауарларды кірістіру, есептен шығару, тауарлардың орнын ауыстыру жайлы ақпараттар сақталады.

Онлайн-Бақылау-касса машиналарын енгізу кезеңділігі - тауарларды қадағалау жүйесіндегі соңғы сатысы болып табылады. Қазақстан Республикасында сонау 1995 жылдан бастап қолданыста. Техникалық түрде ескірді десе де болады. Сауда түсімінің мәліметтерін тіркейді және оларды мемлекеттік кірістер органдарының серверіне онлайн режимде береді. Қазіргі таңда смартфондағы мобильді онлайн-бақылау-касса машинасы дамуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. <http://www.akorda.kz> (01.06.2018ж)
2. А.Шарипов. Салық есебі.-Алматы. Экономика, 2009. -310б.
3. Шумпетер Й. Теория экономического развития. Капитализм, социализм и демократия. М.: «Эксмо», 2007. - 864 с.
4. Глазьев С., Львов Д. Длинные волны: НТП и социально-экономическое развитие. - Новосибирск: Наука, Сиб.отд. РАН, 1991. - 224 с.
5. Кондратьев Н. Д. Большие циклы конъюнктуры и теория предвидения / Кондратьев Н. Д., Яковец Ю. В., Абалкин Л.И. — М.: Экономика, 2002. — 768 с.
6. Электрондық шот-фактуралар міндетті болуда. /URL: <https://atameken.kz/kk/news/> (30.09.2015 ж.).